

РУХАНИЯТ БУЛАҒЫ

Кітапханаға кел, жас өрен!

Күнделікті тірлікте бір уақыт жақсы кітап оқу жаныңды тыныштандырып, әдемі қиялдарға жетелейтіні рас. Ал, кітапхана шаңырағында ететін әдеби, мәдени іс-шаралар рухани дәмалуға, жеке тұлғаның ішкі рухын көтеруге ықпал ететін бірден-бір құрал екенін дәлелдеп қажет емес. Осы орайда, Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы мектеп жасындағы балалар, жасөспірімдер мен жастар үшін 2025 жыл көлемінде екі мыңнан астам іс-шара өткізгенін атап өту орынды.



Кітапхана шаңырағында және одан тыс қоғамдық орындар мен мектептер, сауда үйлері, театр, балабақша және тағы да басқа орындарда тоғыз орталықтың ұйымдастыруымен іс-шаралар күнделікті, толасыз өтіп жатады. Қала мектептерінің барлығымен тығыз байланыста жұмыс істейтін кітапхана орталықтарының қай-қайсысы болса да өткізілетін іс-шаралардың қызықты, балалар үшін пайдалы, білімі мен парасатын көтеруге бағытталуымен маңызды.

Кітапхана қызметкерлері өткізетін әрбір іс-шара тек кітап таныстырылуы, жаңа кітап көрмелерімен ғана шектелмейді. Әрбір кеш кітап кейіпкерлерімен театрландырылған көріністер, концерттік нөмірлер мен тартымды слайд-шоулармен, виртуалды көрмелермен, жасанды интеллекттің көмегімен орындалған комикстар, тарихи тұлғалардың бейнесін «тірілту», «сөйлету» арқылы әрбір шығармашылық кештің әрбір келтіретін жаңа технология жетістіктерін қолдана отырып, ерекше мазмұнда өткізуге бет бұрған.

ӘРБІР КЕШТЕН РУХТАНЫП ҚАЙТАДЫ

Мәнді де мазмұнды іс-шараларға мектеп оқушылары аса қызығушылықпен қатысады. Өткізілген әрбір кештен жас жеткіншек, жасөспірім бойына рухани қуат алып, іштей бір «тау қопарып тастайтындай» мотивация алып қайтады. Кітаптың авторымен, олардың көзін көрген замандастарымен кездесулер, сырлы сұхбаттар, өмір мен өнеге жайлы әсерлі әңгімелері жасөспірімдердің кішкентай жүректеріне үлкен әсер ететінін, кешті қызу талқылап бара жатқан балалардың соңынан қарап тұрып ұғасын.

Кітапханашының өткізген әсерлі кешінің бала жүректерге жеткеніне іштей мақтаныш кернейтіні бар. Қазіргі көптеген кітапханалар секілді жасанды интеллектті жиі, бей-берекет қолданғанды біздің кітапхананың кітапханашылары қолдай бермейді. Жасанды интеллектті орыныммен қолданған абзал деп санайды. Өйткені, сана-сезімі енді ғана жетілпеле жатқан жас өскінің шынайы адам қарым-қатынас, әрбір кештен

жасанды емес қуаныш, сүйсіну, таңырқау, мақтаныш сияқты табиғи сезімдерді сезініп шығып бара жатқан бір баланың шынайы сезімі кітапханашы үшін үлкен жетістік.

Балалардың бойына «күлкенге құрмет, кішіге ізет», ар-ұят, ождан, қымсыну, жауапкершілікті сезіну сияқты өмірде адам болып, тұлға болып қалыптасуда қажетті рухани сезімдерді сіңіріп өсуіне титтей болса да ықпалы бар шаралар өткізу – кітапхананың басты миссиясы.

Осы орайда жыл көлемінде өткен: «Дәстүр және мәдениеті» этноқермесі, «Әр күн – жаңа бастама», «Жаңа бала» күнделігінің тұсаукесері, «Асқақ абырой иесі» атты Жұмысшы мамандықтар жылына арналған аймақтық онлайн акциясы, «Әнебекорлық – қоғамның өркендеу келілі» форумы, «Ақын-дар кездесісқоғұмайді» атты Олжас Сүлейменовтің шығармашылығына арналған облыстық бақылау, «Наурызға базарлық» Аман мерекесіне арналған театрландырылған қойылым, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» ұлттық киімдер топтамасының көрмесі мен тұсаукесері кішкентай көрермендер көптеп қатысқан әсерлі іс-шаралар қатарында.

Кітапханамыздың дәстүрге айналған «Оқытын трамвай» акциясы аясында жыл көлемінде қаладағы №3 трамвай бағытында төрт рет ұйымдастырылған шараға жоласушылар белсенді қатысты. Жеңіс күніне орай «Бұл әндер соғыста шықалды» атты патриоттық іс-шара, Домбыра күні мен Республика күніне арналған іс-шаралар да сәтті өтті. Сәуір айында «Ұлттық кітап күні» аясында кітапханада белгілі жазушы Сәуле Досжанқы «Әлем қазақтары» атты жарық көрген жаңа кітабының тұсаукесеріне жас оқырмандар көптеп қатысты.

«Жасыл кеңістік – болашаққа салынған жол» экологиялық акциясы аясында кітапхана ауласына ағаш көшеттері отырғызылды. Қоғалдаңды рүсіміне кітапхана қызметкерлері мен белсенді оқырмандар – балалар мен олардың ата-аналары қатысты. Бұл бірлескен шара барлық қатысушыларды табиғатқа аялау және болашаққа жауапкершілік алу идеясының төңірегінде біріктірді. Қатысушылар экологияның маңыздылығы, тіпті, кі-

шігірім іс-әрекеттер қаланың келбетін өзгертіп, өмір сүру сапасын жақсартатыны туралы өз ойларын ортаға салды. Іс-шара жай ғана науқан емес, экологиялық сананың шынайы сабағы болды.

«Ерлік даңқы – Жеңіс таңы»: Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әдеби-музыкалық композициясы – аталарымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерліктерін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды. Шара Жамбыл қалалық саябағының алаңында өтті. Бағдарлама барысында соғыс кезіндегі әндер шырықалып, сол жылдардың поэзиясынан өлеңдер оқылды. Жас көрермендер «Ашық микрофонға» қатысып, өз пікірлерін айтып, Отан тақырыбындағы өлеңдерін оқыды. «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты көлемді кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мамыр айының соңында өткен «Сабантой-2025» мерекелік шарасында оқу жылының аяқталуы мен балалардың көптен күткен жазғы демалысы аталып өтілді. Мереке ойындарға, сайыстарға, жұмбақтарға, ұмытылмас қызықта оқуғаларға толы болды. «Оқыңыз – өкінбейсіз!» атты журналдар мен кітаптар көрмесінде жазғы кітап оқуға қатысты ұсыныстар айтылды. Қазақстан ұлттық ою-өрнектерін жасау бойынша шеберлік сабағы өтті.

«Сықпырлы түстер» тобының жас суретшілері «Бақытты ақсақ» тақырыбында сурет салу шеберліктерін көрсетті. Балалар «Робинзон аралында» белсенді ойындар ойнап, караокемен танымал әндерді шыққады.

КІТАПХАНА – РУХАНИЯТ МЕКТЕБІ

Кітапхананың жаз айларында өткізілетін дәстүрлі «Холға кітап» акциясы Ертіс өзеніндегі сәуленде қайғының палубасында өтсе, екінші шарасы Өскемен-1 – Алтай – Өскемен-1 пойызында өтті. Кітапханашылар жоласушыларға «Бір ел – бір кітап» акциясынан қазақстандық авторлардың кітаптарын ұсынды.

«Киял әлемі» деген тақырыппен өткен жазғы кітапхана лагерінің ашылуы да оқушылардың есінде ерекше қалғаны сөзсіз. Ашылу салтанатында жас ақын Оразай Жеңісұлы мен «Эмиль» ЖШС-нің өкілі В.Палагина қатысып, балалармен кездесу ұйымдастырылды. Қатысушылар үшін «Ескіңдіме тарихы», «Шытырман оқиғалы арал» және «Шөптегі оқу залы» сияқты ойын алаңдары ұйымдастырылды. Мерекесінің ар балаға шараның демеушісі «Эмиль» ЖШС ұсынған балмұздақ тартатылды.

Шілде айында Астана күніне арналған «Астана сақасы» балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы Өскеменнің орталық Арбатында өтті. Қала тұрғындары ұлттық ойындар: асық ату, қан ойыны, бастас, ормал тастау, сақина салу, арқан тартыс және аяқ күрес ойындарына қатысып, көңіл көтерді. Шара барысында «Арман орындалатын қала» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Тамыз айында өткен «Адам болам десенді» Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған әдеби-музыкалық композициясы да оқырмандардың көңілінен шыққан іс-шара болды. Шара барысында ұйымдастырылған көпөнер жәрмеңкесі, Абайдың атақты шығармалары бойынша суреттер көрмесі, «Абай әлемі» – Балалар көзімен» комикс алаңында балалар белсенді ойын ойнады. Абайдың он жетінші қарасөзінің

желісі бойынша қойылған «Жүректің көзі ашылса» атты театрландырылған қойылым көрермен назарын аударды. Қатысушылар Абайдың белгілі өлеңдерінің аудио нұсқаларын QR кодтары арқылы тыңдап, уақыттарын пайдалы да әсерлі өткізді.

Кітапхана шаңырағында тамыз, қыркүйек, қазан, қараша айларында өткен ауқымды «Fest-2025 Shyugs Book», «Отбасы – ынтымақ ошағы», «Итбері-фест» фестивалдері, «Арман қанатында» инклюзивті балалар шығармашылығы фестивалі және тағы да басқа ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жыл бойы кітапханамыздың «Оқырман» жастар клубы мен балалардың тоқыма, көркемсурет, би, тоғызқұмалақ үйірмелерінің қатысушылары арасында түрлі мазмұнды әдеби-танымдық іс-шаралар мен көрмелер ұйымдастырылды. Желтоқсан айының басында аталған үйірмелер өздерінің қорытынды есеп беру шарасын өткізу дәстүрге айналған.

Кітапхана демеушілері – жеке кәсіпкерлер тарапынан белсенді үйірме қатысушыларына сыйлықтар табыс-талды. Кітапхананың жастар орталығы жанындағы «Жауһар» оқырмандар клубының қатысушылары жоғарғы сынып оқушылары мен студент жастар өздерінің жылдық қорытындылау отырысында өлеңдер оқып, ән шырықалып, күй тартыс ұйымдастырып, өте әсерлі әдеби-поэзиялық кешін ұйымдастырды.

Сонымен қатар, өлкетану орталығының «Кітапханадағы қымызхана» жобасы бойынша жыл көлемінде көптеген қызықты кездесулер мен әсерлі кештер өткенін атап өту орынды. Кітапхана қызметкерлері облыстық, республикалық деңгейдегі кітапхана ісі бойынша конкурстар мен фестивальдарға тұрақты түрде қатысып отырады. 2025 жылы кітапхананың жас кітапханашысы Ернат Файзуллаев республикалық «Үздік кітапханашы» конкурсына қатысып, жүлделі І-орынды жеңіп алды.

Кітапхана түрлі тақырыптарда, әсіресе, мектеп кітапханашыларының сұранысымен күнделікті жұмыста заманауи технологияны, жасанды интеллектті қолдану жөнінде семинарлар өткізуді жоспарлы түрде іске асыруда.

Саланы дамытуда шет ел және өзге облыстағы кітапханалармен тығыз байланыс орнатқан. Ресейдің шекаралас аймақтары, оның ішінде Алтай өңірі, Новосибирск қаласының, Монғолияның кітапханаларымен әріптестік меморандумдар жасалған, бірлескен онлайн іс-шаралар жыл бойында өтіп келеді. Меморандумдар қатары алдағы жылы еліміздің өзге қалаларымен толықтанып барады.

Сөз соңында, балалар мен жасөспірімдердің бойына кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін, қызықтыратын жұмыс әдістері мен тәсілдерін оқытастырып, алдағы 2026 жылдың да мағыналы, әсерлі, пайдалы өтуіне жұмыс жүргізілуде.

Замананың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай, бала кітапты ашса, кітап баланың бойындағы асыл қасиеттерін ашып, парасатты тұлға болып қалыптасуына ықпалы зор.

Кітапхана – рухани мектеп. Кітапханашылардың басты мақсаты – адам капиталы бірінші орында тұратын елімізге парасатты, білімді, тәрбиелі және көкірек көзі ояу жастарды тәрбиелеу.

Гүлжан Қазимова, Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы директорының орынбасары